

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№6 хаттамасы

Түркістан қаласы

19.02.2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы С.Абжалов, факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д.Жаркинбаева, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Қыпшақбаев, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы PhD., Қ.Қалдыбай, кафедра меңгерушілері: PhD., Д.Шауенов, PhD., М.Исаев, PhD., Ф.Камалова және ОПК.

Күн тәртібінде

1. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау
2. ББ білімгерлерінің, оқытушы- профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелерін талдау.
3. Көктемгі сессия емтихан түрлерін, талқылау, бекітуге ұсыну
4. Әр түрлі мәселелер

1-мәселе бойынша: Факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д.Жаркинбаева сөз алып, 2024–2025 оқу жылы бойынша Теология факультетінің білім беру бағдарламалары (ББ) бойынша білім алушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін баяндады. Сауалнамалар білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтауға бағытталған. Нәтижелер бойынша білім алушылар тарапынан оқыту сапасына, оқытушылардың кәсіби біліктілігіне оң пікірлер көптеп айтылғанымен, кейбір пәндер бойынша бағалау әдістерін жетілдіру қажеттілігі атап өтілді. Сонымен қатар, оқу процесін тиімді ұйымдастыру және кері байланыс жүйесін нығайту бойынша нақты ұсыныстар берілді.

2-мәселе бойынша: Факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д.Жаркинбаева 2024–2025 оқу жылы бойынша Теология факультетінің білім алушылары, оқытушы-профессорлар құрамы және қызметкерлер арасында жүргізілген академиялық адалдық қағидаттарының сақталуы мен бұзылу фактілері бойынша мониторинг нәтижелерін ұсынды. Мониторинг нәтижесінде академиялық адалдық талаптарын бұзу жағдайларының азайғаны байқалды. Сонымен қатар, кейбір кафедраларда академиялық этиканы сақтау мәдениетін одан әрі күшейту және академиялық адалдық бойынша түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу ұсынылды.

3-мәселе бойынша: Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Қ.Қалдыбай сөз алып, 2024–2025 оқу жылының көктемгі сессиясы бойынша емтихан түрлерін (жазбаша, ауызша, тест, жоба қорғау және т.б.) талқылау үшін кафедра меңгерушілеріне сөз берді. Кафедра меңгерушілері: PhD., Д.Шауенов, PhD., М.Исаев, PhD., Ф.Камалова өз кафедралары бойынша емтихан түрлерін, бағалау өлшемшарттарын және бақылау нысандарын ұсынды. Талқылау барысында емтихан сұрақтарының оқу нәтижелеріне сәйкестігін қамтамасыз ету, академиялық әділдікті сақтау және бағалаудың ашықтығын арттыру бойынша ұсыныстар енгізілді.

4-мәселе бойынша (Әр түрлі мәселелер):

Факультет деканы С.Абжалов сөз алып, алдағы аккредитацияға дайындық жұмыстарын пысықтады. Ол факультет ұжымының бұл бағыттағы жауапкершілігін атап өтіп, білім беру бағдарламалары бойынша өзіндік бағалау есебін сапалы дайындау

қажеттігін айтты. Сонымен қатар, кафедралардан оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбие жұмыстары бойынша есептік материалдарды жинақтау, сапаны қамтамасыз ету орталығымен тығыз байланыста жұмыс жүргізу тапсырылды. Аккредитацияға дайындық барысында құжаттардың өзектілігі мен дәлдігін сақтау, сондай-ақ оқытушылар мен студенттердің белсенді қатысуын қамтамасыз ету мәселелері де талқыланды.

Шешім:

1. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелері назарға алаып, тиісті жұмыстар жүргізілсін
2. ББ білімгерлерінің, оқытушы- профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелері жоспарлау жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Көктемгі сессия емтихан түрлері Басқа мамандықтарда оқытылатын пәндер тәжірбиелік емтихан формасына ауыстырылып бекітілсін
4. 2024-2025 оқу жылы Аккредитациядан өтетін ББ бойынша ұйымдастырылуы жұмыстары жүргізілсін

**Факультеттің оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



Қ.Қалдыбай